

**Ж.Есіркепов жалпы орта білім беретін мектебінің
Қосымша білім беру педагогының 2022-2023 оқу жылында
атқаратын жылдық жұмыс жоспары**

2022-2023 оқу жылы

Бекітемін

Мектеп директоры А.Зулпыхаров



Ж.Есіркепов жалпы орта білім беретін мектебінің қосымша білім беру педагогының 2022-2023 оқу жылын жасаған жұмыс жоспарының мазмұны

1. Қосымша білім беру педагогының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі.
2. 2022-2023 оқу жылында қосымша білім беру алдағы жұмысты жетілдірудегі мақсаттары мен міндеттері.
3. Қосымша білім беру педагогының 2022-2023 оқу жылында атқаратын жұмыс жоспары.
 - 3.1. ББЖМ мен ҰБТ бойынша дайындық жоспары.
 - а) оқушылар тізімі.
 - ә) қосымша сабақтар кестесі.
 - 3.3. Пән бойынша үйірмелердің атқарылатын жұмыс жоспары.
 - а) үйірмеге қатысатын оқушылар тізімі.
 - в) сабақ кестесі.

Қосымша білім беру педагогының 2022- 2023 оқу жылындағы міндеті

1. Оқушылар тұлғасының талантты , дарынды, мәдениетті , эстетикалық талғамы биік болып қалыптасуына жағдай жасау.
2. Балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне , қызығушылықтарына , қажеттіліктеріне, шығармашылық қабілеттерінің жүзеге асыру мүмкіндіктеріне зерттеу жасай отырып әр түрлі бағыттағы пәндік және қоғамдық факультатив сабақтарға көптеп тарту .
3. Ата- аналары мен мұғалімдері, сынып жетекшісімен үнемі байланыста болу, сабақтарының мерзімінде өтуін қадағалау.
4. 4 және 9- 11 сынып оқушыларын ББЖМ мен ҰБТ тестіне дайындық жұмыстарының жүргізілуін қадағалау.
5. Үйірме оқушыларын мектепішілік , аудандық іс- шаралар мен байқау , конкурстарға , сайыстарға қатыстырып , жақсы нәтижелерге қол жеткізуге жұмылдыру.

Қосымша білім беру педагогының лауазымдық міндеттері

Қосымша білім беру саласында білім алушылардың әртүрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Үйірме, секция, студия, клуб және басқа да балалар бірлестіктерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құрамын жинақтайды, оларды оқу мерзімінде сақтау шараларын қолданады. Балаларға арналған қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады, сабақтың жоспары мен бағдарламаларын жасайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Белгіленген құжаттаманы жүргізеді. Психофизиологиялық тұрғыдан алғанда жұмыстың нысандарын, құралдарын және әдістерінің педагогикалық негізделген таңдауын қамтамасыз етеді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтап, тұлғаның адамгершілік рухани дамуына, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) тұрақты кәсіби қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қызметін, зерттеушілік жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесіне инновациялық технологияларды қосады, оқу практикасына байланысты жүзеге асырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жетістіктерін қамтамасыз етеді және талдайды. Іскерлікті меңгеруді, шығармашылық қызметтің тәжірибесін, компьютерлік технологияларды қолдана отырып, танымдық қызығушылықты дамытуды ескере отырып, оқытудың тиімділігін бағалайды. Үйірме оқушыларын мектепшілік, аудандық іс-шаралар мен байқау, конкурстарға, сайыстарға қатыстырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге жұмылдыру. Оқушылар тұлғасының талантты, дарынды, мәдениетті, эстетикалық талғамы биік болып қалыптасуына жағдай жасау. Қалыпты кәсіби қызығушылығы мен бейімін қалыптастыруға ықпал етеді, дарынды және талантты білім алушыларды (тәрбиеленушілерді), оның ішінде мүмкіншіліктері шектеулі балаларды дамытуды қолдайды. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің демалыс уақытын ұйымдастыруға қатысады. Оқу сабақтарын жүргізуде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді, балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді. Ата-аналары мен олардың орнын басатын тұлғаларға және педагогтарға кеңес беріп, көмектеседі. Әдістемелік бірлестіктер мен басқа да әдістемелік жұмыс нысандарына қатысады. Өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі арттырады.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын мен Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңдары және білім беру қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы басым бағыттарын, дидактиканың қағидаттарын, педагогика және жас ерекшеліктері психологиясының негіздерін, білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету қағидаттарын, тәрбие жұмысын, тиімді, сараланған, дамытуды оқытудың, құзыреттілік тәсілдерін іске асырудың сенімділік, өз ұстанымын дәлелдеудің, әртүрлі жастағы білім алушылармен, тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен, оларды ауыстыратын тұлғалармен, жұмыстағы әріптестермен байланыс жасау әдістемесін, жанжал жағдайларының себептерін сараптау технологияларын, педагогикалық технологиялар диагностикасын, дербес компьютермен, электронды пошта және браузерлермен, мультимедиялық жабдықтармен жұмыс істеу негіздерін, білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп ережелерін, еңбек және өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін.

**Ж.Есіркепов жалпы орта білім беретін мектебінің Қосымша білім беру педагогының
2022 – 2023 оқу жылындағы жылдық жоспары**

ББЖМ, ҰБТ бойынша атқарылатын жұмыстар

Қ/С	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Қай жерде қаралады	Түпкі нәтиже
1	Ж.Есіркепов жалпы орта мектебінде 2022 -2023 оқу жылында 4- 9-сынып мен 11 сынып оқушыларын ББЖМ, ҰБТ-ға дайындау жұмыстарын жоспарлау мақсатында пән мұғалімдерімен кеңес өткізу.	Қыркүйек	ҚББП Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері	Апталық әкімшілік кеңесі	Хаттама
	ББЖМ- ҰБТ –ға дайындық жоспарын және қосымша сабақтар кестесін жасау.	Қыркүйек	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңесі	Жоспар, Сабақ кестесі
3	Оқушыларды ББЖМ – ҰБТ-ға сынағына дайындық жүргізу үшін жасалынған іс-шарамен таныстыру.	Қыркүйек	ҚББП	Сынып жиналысы	Жоспар, хаттама
4	Оқушылардың қосымша сабақтарына қатысуын қадағалап толық қамтылуына ықпал жасау	Үнемі	ҚББП	Сынып жиналысы	Мәлімет
5	Оқушылардың ББЖМ – ҰБТ –ға дайындық барысындағы тестілеуді тапсыру үшін алдын ала психологиялық топтық және жеке –дара кенестер беріп отыру.	Ай сайын	Педагог-психолог	Апталық әкімшілік кеңес	Сауалнама, мәлімет, тренинг. (онлайн)
6	Оқушылардың әлеуметтік жай- күйін анықтау	I,II жарты жылдық	Әлеуметтік педагог	Әдістемелік кеңес	Мәлімет
7	Оқушылардың ата-аналарымен және мұғалімдермен арақатынасында қиындықтарды болдырмау мақсатында ,алдын-ала жүргізу, түрлі тақырыптарда баяндамалар оқып психологиялық топтық кеңес беріп отыру.	Токсан сайын	ҚББП, Педагог-психолог, сынып жетекшісі	Сынып жиналысы	Баяндама, сауалнама материалдары, хаттама (онлайн)

8	ББЖМ –ҰБТ-ға сынағы үшін қосымша сабақтар өтілу барысын қадағалап отыру	Үнемі	Сынып жетекші	Апталық әкімшілік кеңес	Мәлімет
9	Мектепшілік тестілеу сынағын алып, қорытындысын іліп тұру.	Айына екі рет	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңес	Сараптама, мониторинг
10	Тақырыпаралық ағымды тестілеуден төмен көрсеткіш беретін оқушылардың жай –күйін анықтау .	Ай сайын	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Апталық әкімшілік кеңес	Мәлімет,
11	Аудандық білім бөлімі жанынан құрылған тест орталығымен байланыста болу.	Үнемі	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңес	Тест материалдары
12	Ата-аналарға тест сынағының қорытындысын хабарлап ескеріп отыру, ата –аналармен тығыз байланыста болу.	Токсан сайын	Сынып жетекшісі	Сынып жиналысы	хаттама
13	Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіп отыру.	Үнемі	Сынып жетекшісі, Педагог-психолог, әлеуметтік педагог	Әдістемелік кеңес	Сауалнама
14	Аудандық тест орталығынан берілген сынақ кітапшасы арқылы оқушыларынан сынақ алып отыру.	Үнемі	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңес	Тест материалдары
15	ББЖМ –ҰБТ-ға қатысатын оқушылардың әлеуметтік –психологиялық тренингтер жүргізу.	Токсан сайын	Педагог-психолог,		Тренинг
16	Күнделікті қосымша сабақта тест тапсыратын кезде оқушылардың денсаулығын тексеріп тұру	Кезінде	Мейірбике		Анықтама
17	«Оқу жетістігін сырттай бақылау –оқушы білімін бағалау»атты бұрыш ұйымдастыру.	Үнемі	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңес	Мониторинг

Үйірмелер бойынша атқарылатын жұмыстар

К/ С	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты	Қай жерде қаралады	Түпкі нәтиже
1	Жылдық жоспарды жасап, бекітіру	Қыркүйек	ҚББП	Педагогикалық кеңес	Жоспар
2	Пәндік және қоғамдық үйірмелер жұмысын жоспарлап, сабақ кестесін жасау.	Қыркүйек	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңесі	Кесте, жоспар.
3	Үйірме бағытына сәйкес мектептегі пән үйірмелерінің жұмыс бағдарламаларын жоспарлау және үйірме жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету	Қыркүйек	ҚББП	Әдістемелік отырыс	Мәлімет
4	Мектептегі пәндік үйірмелер қызметтерін насихаттау, үйірмелерді топтау, үйірме мүшелерін жинақтау.	Қыркүйек	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңесі	Тізім, бұйрық
5	Үйірме жетекшілері әр пән бойынша жұмыс жоспарлары мен құжаттарын дайындау	Қыркүйек	Үйірме мүшелері	Апталық әкімшілік кеңесі	Тізім, кесте, жоспар.
6	«Ұстаздар мерекесіне» орай үйірме мүшелерінің ұйымдастыруымен бұрыш ұйымдастыру	Қазан	Үйірме жетекшілері	Әдістемелік отырыс	Көрме
7	Өнер бағытындағы үйірмесінің апталығын және «Алтын күз» байқауын жоспарлап өткізу	Кезінде Қараша	ҚББП, пән мұғалімдері	Әдістемелік кеңес	Жоспар, мәлімет
8	«Алтын күз» мерекесіне орай үйірме мүшелері безендіру жұмыстарына атсалысу	Қараша	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңесі	Жоспар
9	«Тұғыры биік- тәуелсіз елім» үйірмелердің сыныптан тыс жұмысын өткізу	Желтоқсан	ҚББП, үйірме жетекшісі	Апталық әкімшілік кеңесі	Жоспар, мәлімет
10	Қоғамдық пән үйірмелерінің іс – қағаздары мен өтілу сапасын тексеру	Қантар	ҚББП	Әдістемелік кеңес	Анықтама, мәлімет
11	Аудандық, облыстық түрлі мазмұндағы байқаулар мен сайыстарға үйірме мүшелерінің қатысуына ықпал жасау	Кезінде	ҚББП, үйірме жетекшісі	Апталық әкімшілік кеңесі	Жоспар, мәлімет

12	Іс –қағаздары мен журналдарының жүргізілуі бойынша тексеру	Әр тоқсанда	ҚББП	Апталық әкімшілік кеңесі	Анықтама, мәлімет
13	Өнер бағытындағы үйірмелердің наурыз айында аталып өтілетін мерекелерге байланысты атқаратын іс- шаралары	Наурыз	Үйірме жетекшілері	Әдістемелік кеңес	Жоспар, мәлімет
14	Техникалық бағыттары үйірмелердің сыныптан тыс жұмыстары	Әр тоқсан сайын	Үйірме жетекшілері	Әдістемелік кеңес	Жоспар, мәлімет
15	«Үйірменің үйретері мол» тақырыбында пәндік үйірмелердің Апталығы	Сәуір	Үйірме жетекшілері	Апталық әкімшілік кеңесі	Жоспар, мәлімет

Қосымша білім беру педагогы: *А.А.Усербаева*